

## ЖАҢА МЕКТЕПКЕ – ЖАҢА МҰҒАЛІМ

*Құрбанов А.А.  
Ы.Алтынсарин ат. Арқалық мемлекеттік  
педагогикалық институты,  
математика мамандығының  
2-курс студенті, Арқалық қ.  
Ғылыми жетекшісі: Абдрахманова М.Т*

12 жылдық білім беру жүйесіне көшу - қоғамдағы елеулі өзгерістер мен адамдар арасындағы қарым-қатынас құралдарының қарыштап дамуына байланыста жаңа адамды қалыптастыруды көздеген заман талабы. Әлемдік білім кеңістігіндегі оқытудың озық технологияларын қамтитын жаңа білім мазмұны шынайы жарыс, адал бәсекеге қабілетті адам тәрбиелеуді қамтамасыз етуі тиіс. Орта мектептен-ақ баланың өзіндік бағдарын айқындауына, 11-12-сыныптарда қабілетіне қарай болашақ мамандығына бағыт алатынына жағдай туғызуды көздейтін 12 жылдық білім беру жүйесін еліміздің өркендеуіне еркін атсалысуды көздейтін жастарды тәрбиелеп, ақылына білімі сай тұлға етіп өсіруді көздейді. Жастардың ақыл-ой әлеуметін барынша дамыту үшін білім беру жүйесін тиімді құра білген ұлттың еңсесі биік, абыройы жоғары болмақ.

Қазақтың ХХ ғасырдың белгілі ағартушысы Ж.Аймауытов «Қазіргі қазақ мектебіне қажеттісі – тек білім беруші мұғалім ғана емес, ... баланы өмір сүруге үйретуші ұстаз!» - деген еді. Бұл сөздердің бүгінгі күні де мәні өте жоғары. ХХІ ғасыр ғылым мен білімнің қарыштап дамыған ғасыры. Сондықтан бүгінгі ұстаз шәкіртіне ғылым негіздерінен мәліметтер беріп қана қоймай, оны дүниежүзілік білім, ақпарат, экономика кеңістігіне шығуға, қатаң бәсеке жағдайында өмір сүріп, еңбек етуге дайындайды. Бұл істе нәтижеге қол жеткізу мұғалімнің өзінің жан-жақты білімдарлығымен, тұтас дүниетанымының болуымен, ой-өрісінің кеңдігімен тікелей байланысты. Өз пәнінің шеңберінде қалып қойған мұғалім балаға білім, тәрбие берудегі биік мақсаттарға жете алмайтыны анық. «Сабақ беру - үйреншікті, жай шеберлік емес, ол - үнемі жаңаны табатын өнер» - деген Ж.Аймауытов.

Мұғалім кәсіби шығармашылық деңгейге өзінің жаңашылдығы, өз ісіне сергек қарауы, өзін-өзі өзгерте, іске қоса алуы арқылы қол жеткізеді. Әсіресе оқытудың жаңа технологияларын меңгеру, оны күнделікті әрекетте қолдану жаңашылдыққа жақындатары сөзсіз. Технология қолданылған сабақ ескі мен жаңаның арасындағы байланыс негізінде құрылады. Өйткені жаңа білім ешқайдан келмейді, оның қандай да болмасын бір белгісі өткен білімнен туындайды. Мұндай сабақтарды мұғалім оқушының шығармашылық қабілеттерін жетілдіре отырып, өзінің де ішкі күш-қуатын дамытуға мүмкіндік алады.

Мұғалімдік мамандық - адамтану, адамның күрделі де қызықты, шытырманы мол рухани жан дүниесіне үңілу, баланы түсіну. Мұнсыз дамыта оқыту мүмкін емес. Бұдан бүгінгі мұғалімді айшықтайтын тағы бір сапа – оның психологиялық білімінің тереңдігі мәселесі туындайды.

Баланы түсіну дегеніміз – олардың позициясында болу, сезімдерін бағалап, әрекетін, ісін елеулі түрде қабылдау, ілтипат көрсету. Баланың көңіл құбылысын, жүрек тебіренісін, сезімі мен талпынысын түсінген мұғалім баянды тәрбиеге ие болып, білімді жетістікке қол жеткізеді. Оқытудың оқушылардың ішкі күштері мен потенциалдық мүмкіндіктерін жандандыратындай, олардың дамуын жеделдететіндей етіп ұйымдастыру үшін де психологиялық білім қажет. Осы орайда соңғы уақыттары мектеп психологы, әлеуметтік психолог мамандарының қайта қызмет жасай бастауы көп мәселені шешеді. Дегенмен әрбір мұғалімнің, әр деңгейдегі басшылардың психология ғылымының теориясына қайта ден қойып, жантануға байланысты жаңадан шығып жатқан еңбектерді оқып үйренуі тиіс.

Мұғалім кәсіби педагогикалық шығармашылық деңгейге өзінің ішкі ой белсенділігі мен ізденуі арқылы жететіні белгілі. Білім беру саласындағы инновациялық үрдістердің күрделілігі мен қайшылықтары жаңа құбылыстармен әрекеттесу және жалпы орта білімді

ізгілендірудің сапалы кезеңіне қатысуы үшін мұғалімнің зерттеушілік мәдениетін қалыптастыру өзекті мәселелердің бірі болып отыр. Педагогикалық процестің субъектісі ретінде ол мектептегі барлық өзгерістердің негізгі кейіпкері. Бұл одан тұрақты ізденісті, ғылымның жетістігін тәжірибеде тиімді пайдалануды қажет етеді. Кәсіби педагогикалық іс-әрекеттегі танымдық үрдістердің дамуы, педагогикалық-психологиялық, әдістемелік әдебиеттерді талдап, зерттеп отыру – ғылымға бағытталудың негізгі факторы. Ғылыммен айналысуды міндетті түрде диссертация қорғау деп түсінбей, өз педагогикалық-психологиялық білімін тереңдету, оқытудың жаңа теориялары негізінде өз тәжірибесін қайта қарау, оған өзгерістер енгізу деп ұққан дұрыс.

Педагогтардың жеке тұлғасын дамытып, бейнесін сомдауға үздіксіз білімнің алар орны ерекше. Ғылым жетістіктеріне негізделген, тәжірибемен толықтырылған мұғалімдердің нақты талап-мүдделеріне жауап беретін, жаңаша ұйымдастырылған әртүрлі деңгейдегі әдістемелік жұмыстар мұғалімдерді кәсіби дамуға, жаңаша ойлауға, өзін-өзі іске қосып, еңбегінен қанағат табуға ынталандырады.

Білім берудің қай түрі болмасын – тәрбие. Бүгінгі күнгі білім мен тәрбиенің біртұтастығын сақтауда әлі де нақты шешім табылмай, негізгі жолдары айқындалмай отырған жағдайлардың орын алып отырғанын ескеруіміз керек. Тәрбие саласындағы қордаланған мәселелердің қатарында өскелең ұрпақ тәрбиесіне тигізер қоғам мен мектеп байланысының ықпалы - ерекше ден қояр мәселелердің бірі.

Әдетте жиі қолданып жүретін «қоғам мен мектеп» байланысы деген сөз тіркестерінің астарында - отбасы, баланың денсаулығы мен әлеуметтік ахуалы, оның өз өмірінде басшылыққа алатын адамгершілік құндылықтары жатыр. Осы орайда 12 жылдық мектеп қабырғасындағы тәрбие мәселесін дұрыс жолға қоямыз десек мектеп өміріне қоғам ықпалының арта түсуіне ұмтылуымыз керек. Өйткені біздің қарқынды даму үстіндегі қоғамға адамның барлық өмір сүру ортасын тұтас қамтитын, олардың іс-әрекетін үйлестіруге тікелей ықпалы бар, тәрбие мен білімнің әлемдік және тарихи тәжірибелеріне негізделген біртұтас жүйе қажет.

Сондықтан да 12 жылдық білім беру жүйесін педагог ғалымға осы мәселені жан-жақты қарастыратын, зерттейтін маңызды міндеттер мен үлкен жауапкершілікті жүктейді. Оқу тәрбие процесін жанартумен қатар, оны жүзеге асыратын әрбір педагогтың көз қарасын, оқушымен қарым-қатынасын түбегейлі өзгерту, әр баланың жеке және жас ерекшелігіне қарай дербес дамуын қамтамасыз ету, оларға білімнің өз мүддесі үшін қажеттігін сезіндіру, құзырлығын айқындау - бүгінгі күннің көкейтесті мәселесі.

Мұғалім кәсібінің мән-мағынасы елеулі өзгерген шақта, жаңа тұрпатты педагог педагогикалық процестің бірізділігін және оқу мен тәрбиенің біртұтастығын сақтай отырып, оқыту модулін жобалай білуі шарт. Жаңа кезеңдегі мұғалімнің шығармашылық іс-әрекетінің зерттеушілік қызметтен, жеке ізденістерден, оқушы мен ата-анамен тығыз ынтымақтастықта тұрады.

Ахмет Байтұрсынов «Жақсы мұғалім мектепке жан кіргізеді» деген. Ол үшін әрбір педагог әрбір баланың ойынан шығып, қажеттілігін қанағаттандыра білуге дайын болуы тиіс. Өйткені қазіргі мектеп жасындағы балалар қай сыныпта оқыса да, қай жаста болса да өзінің кім болатынын, қандай адам болатынын армандайтын және өмірден өз орнын табуды басты мақсат деп санайды, сондай-ақ өзінің айналасына дұрыс бағдар беретін ақыл-кеңес күтеді.

Сондықтан оқушының рухани өсуіне жағдай туғыза алатын, жаңалықтарды қабылдауға даяр, өз әрекетіне өзгеріс енгізе алатын педагогтар ғана бүгінгі қоғамның мүддесі мен әр баланың үдесінен шыға алады.

Ойы жүйрік, ақылы жетік, бәсекеге қабілетті, өзгерістерге бейім жеке тұлғаны тек қана жаңа тұрпатты педагог қалыптастыра алады.

Егер өткен уақыттардағыдай мұғалім әдістемелік кеңестерді, нұсқауларды тек тыңдау арқылы ғана қабылдайтын болса, дайын үлгілерге, сабақ жоспарларына, әдістемелік құралдарға тәуелді болудан басқа жол жоқ. Ал проблемаға өзі «жақын барып», «қолымен ұстап көріп», санасына саралауды меңгерсе, оған үйреншікті жағдайдан ауытқу жаңаша жол

іздеу, шешім қабылдау қиынға түсе қоймайды. «Біз біреудің ақылымен ақылды болмаймыз», - деген белгілі ойшылдың сөзін жандандырар болсақ, орайын тауып ойлындыруға үйрету, мұғалімнің жандүниесін, ішкі құрылымдарын жаңа деңгейге көтеріп, келбетін кескіндейтіндігінде дау жоқ. Талантын тыңдауға, шығармашылығын шыңдауға үйренген ұстаздың қоғамға берері де мол болмақ.

Білім, тәрбие жолы ұзақ жол. Мұғалімнің қателігі қоғам үшін өте қауіпті, ал керісінше оның нәтижелі еңбегі бүкіл ұлттың, отанымыздың, өркениеттің тағдыры, оның ізгілікті істері ұзақ жылдар жемісін берері сөзсіз.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. Б.А. Тұрғынбаева. Мұғалімнің шығармашылық әлеуметін біліктілікті арттыру жағдайында дамыту: теория және тәжірибе. Алматы, 2005 ж.
2. «Қазақстан мектебі» журналы. №4, 2005 жыл.

### **ЖЕКЕ ТҰЛҒАНЫҢ ДАРАЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІГІ РЕТІНДЕ ТЕМПЕРАМЕНТТІҢ СИПАТТАМАСЫ**

*Мақсотова Т.Т., Мүсірова Г.Б.,  
Ы.Алтынсарин ат.  
Арқалық мемлекеттік  
педагогикалық институты*

Темперамент (лат. temperamentum – келбетке қатысты тиістілік, tempero – тиісті байланыста араласу) – индивидтің психикалық іс-әрекетінің динамикалық ерекшеліктер сипаты, яғни психикалық процестердің темпі, жылдамдығы, ритмі интенсивтілігі және осы іс-әрекетті тудыратын жағдайы[1].

Темперамент типтері адамның тіршілік бейнесі мен мәдени өмірінде, тұрмыс салтында күнделікті қажеттіліктерін қанағаттандыратын тұрақты шарт. Ойын мен оқу және еңбек адам әрекетінің негізгі түрлері осының барлығы темперамент типтері арқылы дамып, жетіліп, жүзеге асады.

Темпераменттің ішкі құрылымдық талдауы темпераментте (оның психологиялық сипатында) сыртқы көріністің бір мазмұны және бір жүйесі болмауынан біршама қиындықтарды көрсетеді. Осындай талдаулардан кейін темпераменттің үш негізгі жетекші компоненттерін бөліп көрсетеміз, индивидтің жалпы белсенділігі аймағына, оның қимылына және оның эмоциялығына қатысты болып бөлінеді. Бұл компоненттердің әрқайсысы өз кезегінде психологиялық көріністердің күрделі құрылымдары мен әр түрлі формаларын көрсетеді.

Темперамент құрылымында индивидтің жалпы психикалық белсенділігін көрсететін компонент кең мағынаға ие. Бұл компоненттің мәні тұлға тенденцияларының өзіндік көрінісі, сыртқы шындықты тиімді меңгеру мен жетілдіруге негізделген; әрине, бұл бағыт негізінде осы тенденцияларды тарату сапасы мен деңгейі тұлғаның басқа ерекшеліктерімен, яғни оның интеллектуалды және характерологиялық ерекшеліктерімен, оның қатынастары мен мотивтер комплексімен анықталады. Белсенділік деңгейлері бұл инерттілік және бір полюстен энергияның жоғары деңгейіне дейінгі пассивтіліктің жетілуі, әрекетке күшті ұмтылыс және әлсіздіктен бастап үнемі көтерілу деп бөлінеді.

Темперамент іс-әрекетте көрінеді: индивид оны жылдам немесе баяу орындауы мүмкін. Сондықтан темпераментті іс-әрекеттің динамикалық жағы деп қарастыруға болады. Ол көбінесе тұлға диагностика сынақ процесінде зерттеледі.